

"Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 12-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2018 жылғы 31 қаңтардағы
№ 12-ө өкімімен
бекітілген

"Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

R/ с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уактылы әзірленуі мен қабылдануына жауапты тұлға
1	Негізсіз төленген өтемақыны қайтару қағидаларын бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	БП (келісім бойынша, жинақтау), ҰҚК (келісім бойынша), МҚІСҚА (келісім бойынша), ПМ , Қорғанысмині, Қаржымині	2018 жылғы наурыз	М . М . Ахметжанов
2	Өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізілімінің нысаны мен оны ұсыну тәртібін бекіту туралы	бұйрық	Қаржымині	2018 жылғы наурыз	Б . Ш . Шолпанқұлов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

МҚІСҚА - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК